



“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ КОРПОРАТИВТІ ЖУРНАЛЫ

№4 (86) СӘУІР 2023 ЖЫЛ



ӨНАİRС - ҚАТАҢ ТӘРТІП ПЕН ҮЛКЕН  
ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ТАЛАР ЕТЕДІ!



“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ КОРПОРАТИВТІ ЖУРНАЛЫ

**МЕНШІК ИЕСІ:**  
«Өзенмұнайгаз» АҚ  
№4 (86) сәуір 2023 жыл

Журнал ҚР Ақпарат және  
коммуникация министрлігінде  
есепке алынып, №16077-Г қуәлігі  
берілген.

**ЖҮРТШЫЛЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК  
ОРГАНДАРМЕН БАЙЛАНЫС БӨЛІМІ**

**ЖОБА ЖЕТЕКШІСІ:**  
Әділ СҮЙЕБАЙ

**БАС РЕДАКТОР:**  
Бибігүл БӘБЕКБАЙ

**ШОЛУШЫ:**  
Арғын БИСЕНОВ

**ТІЛШІЛЕР:**  
Жазира АҚБЕРГЕН  
Айман МАДРЕЙМОВА  
Талғат САТЫБАЛДЫ

**РЕДАКЦИЯ МЕКЕН ЖАЙЫ:**  
ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаозен  
қаласы, Сәтбаев көшесі, 3-ғимарат,  
426-кабинет, 8 /72934/ 63445

Шығу жиілігі айына 1 рет.  
Журнал материалдарын  
көшіріп басуға редакция  
рұқсаты қажет

Журнал «АТИС» ЖШС  
баспаханасында басылды

## БІЗГЕ ЖАЗЫЛ:

### FACEBOOK



### TELEGRAM



### INSTAGRAM



### TIKTOK





**«Өзенмұнайгаз» АҚ  
бас директоры  
Нұрдәulet ҚиЛЫБАЙ**

Құрметті геолог әріптер!

Сөүірдің алғашқы жексенбісінде ата-  
лып өтілетін Геологтар күні кесіби мере-  
кесі құтты болсын!

Компания бас директоры ретінде гео-  
лог, геофизик, геодезист, жалпы осы  
мәртебелі мамандық иелеріне, еліміздің  
мұнай өлеуетіне серпін беріп, жаңа кен  
орынның ашылуына тікелей мұрындық  
болған ардагерлеріміз бен бүгінгі күні  
қызмет етушілерге Өзен кен орнын иге-  
ріп, өлкенің ғана емес еліміздің дамуы  
жолында еткен ерен еңбегі мен төккен

маңдай тері үшін зор алғыс білдіремін.

Білім мен тәжірибелі, адалдық пен  
табандылығының алға қойылған міндеп-  
терді орындаған, үлкен табыс пен мол же-  
тістіктерге жетіп, мұнаралы түбек, кенді  
мекеннің ел ризығына айналуына жол  
ашты.

Сіздердегі майталман мамандарды біз  
мақтайдыз, Өздеріңізben мақтанамыз.

Мықты денсаулық, баянды бақыт, ел  
игілігі үшін атқарып жүрген қызметіңізге  
сәт тілеймін. Алар асу мен бағындырар  
белес көп болғай!

## КЕН ОРЫН ДАМУЫНА ӨЛШЕУСІЗ ҮЛЕС ҚОСҚАНДАР

Өндірістік блок мәжіліс залында Гео-  
логтар күні кесіби мерекесіне орай сал-  
танатты жын өтті.

Шараға бас директордың бірінші орын-  
басары Нұржан Әбдірахманов, геология  
және игеру жөніндегі орынбасары Шол-  
пан Пангереве қатысып, Өзен, Қараман-  
дыбас кен орындарын игеруге өлшеусіз  
үлес қосып жүрген сала мамандарына  
табыс тіледі.

– Қадірлі әріптер! Кесіби мереке  
құтты болсын. Киелі топырақта ерен ең-  
бек етіп, ел игілігі үшін тер төгіп жүрген  
Сіздерге мереке күні қандай тілек айт-  
сақ та жарасады. Өзен кен орны дамуы-  
на өлшеусіз үлес қосып, бірлігі жарасқан,

бақыты мен дәулеті тасыған компания  
ырысын еселеп жүрген Өздеріңізге шек-  
сіз алғысымды білдіремін, – деді Нұржан  
Базарбайұлы.

Мұнай-газ саласы дамуына қосқан  
елеулі үлесі үшін бір топ геолог ҚР Энер-  
гетика министрлігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
басқарма төрағасы Мағзұм Мырзаға-  
лиевтің Құрмет грамотасы, Алғыс хаты-  
мен марапатталды.

Оз кезегінде Шолпан Серікбайқызы  
марапаттың адамға қанат бітіріп, жігер  
сыйлайтынын айтып, кесіліп жұмыс істеу-  
ге мүмкіндік жасап отырған басшылыққа  
ризашылығын білдірді.





## «БАЛАҚАЙДА» 32-БАЛАНЫң ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

«Балақай» оқалту орталығында 32-баланың тұсауы кесілді. Әмір Сайын атты екі жастаң асқан балапанның тәйтей басқан қуанышына Химияландыру және экология басқармасы ұжымы қатысты.

Сөз алған аталмыш басқарма директоры міндетін атқарушы Бақытбек Мергенбаев Әмірге «дені сау, көңілі дархан даладай бауырмал, қадірлі, қайырымды көпшіл азамат болып өссін, молшылықтағұмыр кешсін» деген жүрекжарды тілегін жеткізді.

Ұжым атынан балапанға «Toyota Land Cruiser Prado» ойыншық көлігі тарту етілді.

– Қанша шаңырақтың қуанышына себепші болған мұнайшылар мен орталық дәрігерлеріне шын жүректен алғыс ай-

тамын. Алла берген егіз баланың сыңары Әмірдің әлсіздігін байқап, бір жас үш айында орталықта әкелдім. Тәжірибелі мамандардың арқасында балам 4 айдан соң аяққа тұрды. Әйтсе де оң жақ дене бөлігінің әлсіздігінен жүріп кете алмады. Емді жалғастырдық. Баламның аяғына тұрғанын көріп қуаныштан жүрегім жарылғалы тұр, – деді Әмірдің анасы Әйгерім Қуанышбаева.

«Дүниеде баланың у-шуына жетер не бар?! Одан асқан сазды өуен ойлап табу мүмкін емес...» – депті батыр атамыз Бауыржан Момышұлы.

Қыындыққа тап болған балаларды мейірімге бөлеп, жарқын болашаққа деген үміт отын жаққан қайырымды жандарға мың алғыс!



# СЕНБІЛІК – ТАТУЛЫҚТЫ НЫҒАЙТЫП, ІШКІ КОММУНИКАЦИЯНЫ ДАМЫТАДЫ

№4 2023

Тазалық айына жататын сөуірде компанияға қарасты 16 басқарма ұжымы бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара отырып, сенбілікке шықты.

Нәтижесінде жұмыс орнынан қоқыс шығарылып, тал түбі өктеліп, қисық бұтақтар кесілді. Бірігіп жұмыс істеу – татулықты нығайтып, қарым-қатынасты жақсарта түседі.

Бірлігі жарасқан, дәулеті тасыған компания ұжымы сенбілік ұйымдастыру арқылы ішкі коммуникация дамуына қомақ-

ты үлес қосып, көпке үлгі, көңілге ыстық жарқын істің жаршысы бола білді.

– Еңбекке бір кісідей жұмылып, белсенді түрде жұмыс істеу – адамға ерекше ләззат сыйлайды еken. Әр мұнайшының жұмыс күні тазалықпен басталуы тиіс деген ой түйдік. Шашылып жатқын қоқыс, күтім көрмеген талдар адамның жұмысқа деген құлшынысына көдергі келтіреді. Реттілік, тазалық адамның жұмыс қабілетін арттырады, – дейді сенбілікке қатысқан мұнайшылар бір ауыздан.





# ӨМІРІНЕ БЕК РИЗА КЕНЖЕБЕК

Кенжебек Қоблашев 1961 жылдың 1 сәуірінде дүниеге келді. Әкесі Алдоңғар 1964 жылы Өзен стансысына тепловоз машинисі болып іссапарға келеді. Өзен мұнахы атқылаған кезі еді. 1965 жылы әкесі бүкіл отбасын көшіріп әкеледі. 1968 жылы мектеп табалдырығын аттаған Кенжебек 1978 жылы бітіріп, оқу орталығынан білім алғып, жұмысқа орналасады.

«Адамның басы – Алланың добы» дегендегі шекші, 1979-1981 жылдары Венгрияда өстіреки борышын өтеп қайтады. Әскерден шындалып келген жігерлі жас жігіт №1 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасына машинист жүргізуші болып жұмысқа орналасып, күні бүгінгө дейін Өзен кен орны дамуына зор үлес қосып, өнімді еңбек етіп келеді. 1982 жылы ӨЭМБ-да

жұмыс істеп жүрген Қаламқас атты сұлумен көңіл жаразтырып, отау көтереді.

– Өміріме бек ризамын. Алланың берген ұл-қыздарынан тараған желкілдеп өскен құрақтай немере-жиендер көңілге медеу. Ұлым да мұнай саласында қызмет етіп, ел ырысын еселеп жүрген азамат. Бос уақыттымда қасиетті Құран оқып, жаныма рухани азық алымын. Қазақстанымыз жақсарса, өркендесе деген тілек бар, – дейді мақала кейіпкері.

Қазақтың жеңістаңдай әншісі Роза Рымбаеваны тыңдағанды ұнататын Кенжебек «Қыз баланы жоқшылық бұзады, Ұл баланы тоқшылық бұзады», – деген мақалды жиі пайдаланады.



# ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ӨЗ АДАМЫ

Құрделі құрылым департаменті инженері Исахан Тобақабылов 1960 жылы қарашаның 26 жүлдөзинде Түркістан ауданы Орагай селосында көп балалы отбасыда дүниеге келді. Марқұм шешесі ұлды да, қызды да төгіп тастап, Исаханның З жасында қайтыс болды. Әкесі 14 жасында қайтыс болып, жасөспірім Исахан ағасының қолында тәрбиеленеді. Туған селосындағы Мұхтар Әуезов атындағы мектепті бітірген ол Украина-ның Львов қаласында әскери борышын өтеп қайтып, Ташкент қаласында Чкалов атындағы авиациялық зауытында ұшақ аппараттарының құрастырушысы болып жұмыс істеді. Ташкентте жүріп, болашақ жарымен танысады. Педагогика институтының филология факультетінде оқытын ол орыс тілі және орыс әдебиеті сабакынан сабак беретін мұғалім болады. Исахан да сурет салу мамандығын таңдамақшы болғанда сүйіктісі архитектура саласын таңдауға кеңес береді. О бастан жазу-сызуға икемі бар жігіт 5 емтиханнан да сүрінбей өтіп, Ташкент политехника институтының архитектура факультетіне қабылданады. Арманына қол жеткізген жас жігіт қуанышы қойнына сыймай бөркін аспанға атып, білдей оқу орнының студенті атанып шыға келеді. Ташкентте 2 жыл оқыған ол, 3-курстан бастап Самарқандағы архитектура құрылым институтына ауысып, сол жерде оқып жүріп, жұмысқа орналасады.

1997 жылы Жанаөзен қаласына көшіп келеді. Берекелі шаңырақта ұлықты ұл, қылықты қызы есіп шығады. Үлкен ұлы Англиядағы Ньюкасл қаласында оқып, халықаралық заңгер мамандығын алып шығып, бүгінде «Верный капитал» жекеменшік компаниясында абырайлы еңбек етіп жүрген жайы бар. Қызғалдақтай құлпырған Айнұры КОО-да экономист болып



істейді. Кіші ұл, шаңырақтың иесі Сұлтаны «ҚазФЖЭИ» жобалаушы-технолог лауазымында. Баян, Жанна атты қыздары Омбыда оқып, экономист мамандығын алып шығып, қазіргі таңда Астана қаласында тұрып, ел дамуына өзіндік үлес қосып жүр. Оларды Жаңа Қазақстан іргесін қалаушылар деп айтсақ артық болмайды. Қолына қылқалам алғып, сурет салуды жаны сүйетін немересі Асылжаны 2009 жылы мектепте туындылары қойылған фотокөрмесін үйімдастырып, көрермендер ықыласына бөленіп келеді. 2013 жылы дүние есігін ашқан Малика атты немересі де сурет салғанды ұнатады. Өзінің картиналарынан үлкен көрме жасады.

Мектепте 7-класқа дейін класском болған Исаханның арасында мұғалімнің



орнына қалғанда ватманға салып Микки маус, «Ну, погодидегі» қасқыр мен қоянның суреттерін салып әкеліп, оқушыларға көрсететін еді. Тоғетері, сурет салу Тобақабылов әулетінің хоббиі де-сек, артық айтқандық болмас еді. Исахан демалыс күндері базарға барып, күріш пен сәбіз таңдалап, үйге келіп дәмі тіл үйіретін палау пісіреді. Тағдырына дән риза бақытты жан жақындарына дәмді тағам өзірлегеннен ләззат алады.

Бос уақытында жанын нұрға, тәнін рахатқа бөлөйтін Ескендір Хасанғалиев пен «валс каролі» Шемші Қалдаяқовтың әндерін тыңдайды.

– Сүйікті актерім Джеки Чан. Ол бала кезінде көп қыындық көріп, өзінің тәзімі мен табандылығы арқасында белестерді бағындырыды. Аңыз адамның өмір жолын өзіме үлгі етіп алды, – дейді кейіпкеріміз.

Сегіз қырлы бір сырлы жігіт ағасы Омар Хайям мен Конфуции жинақтарын оқып, ұнатқан цитаталарын күнделігіне түртіп қояды. Еңбек демалысында «Манкент» шипажайында демалады. Майталман құрылысшы 13 жыл мұғалім болып жұмыс істегендегі психологияны жетік меңгеріп шығады. Қайырымды жан қайырымдылық жасаумен айналысады. Жұмыс орнында тәртіп пен тиянақтылыққа көп көңіл бөледі.

Өз кесібінің жілігін шағып, майын ішкен әріптесіміздің қолтаңбасы қалған «Мұнайшы» мәдениет сарайы, «Шерқала» қонақ үйі, «Өзенмұнайгаз» кеңесі, ТТБ автостансысы, БЖБ кеңесі, «Ақбебек» лагері, «Кендірлі», «Медикер» ғимараттары ел игілігіне қызмет етуде.

Көп білетін, қолынан көп нәрсе келетін таптырмас маман, істейтін ісіне барлық күш-қайратын салатын Исахан Тобақабыловқа көп раҳмет!

# АРМАНЫ -

Бұрғылау жұмыстары басқармасына қарасты ӘКҚЦ-да такелажник болып же- місті еңбек етіп келе жатқан Асылбек Ис- мағамбетовтің әкесі Рахманберді Исма-ғамбетов ТТБ-да автобус жүргізушісі бол жарты ғасыр еңбек етіп, Өзен кен орны дамуына орасан зор үлес қосқан азамат. Бұгінде құрметті демалыста еткен қызметінің жемісін көріп жүр.

Кішкентай кезінде атақты боксшы Майк Тайсонға еліктеп, каратэ-домен 6 жасынан бастап айналыса бастады. Жалпы Асылбектің отбасы әуелден спорт-пен дос. Әкесі де, ағасы да былғары қолғаптың шаңын шығаруы Асылбектің де спортқа келуіне тікелей ықпалы болды. Мектеп қабырғасында жүріп жас бала көптеген спорттық жарыстарға қатысты. Өзінің табандылығының арқасында каратэ-додан Қазақстан чемпионатында жүлдегер атанып «Спорт шеберіне үміткер КМС» атағына ие болды. Бұгінде бапкерлікпен айналысып жүрген оның 150-ге жуық MMA аралас жекпе жек спортымен айналысатын шәкірттері бар, олардың ішінде 15-ке жуық шәкірті аралас жекпе жек спорт түрінен «Спорт шеберіне үміткер» атанды. Асылбек алдағы уақытта жастарға үлкен MMA аралас жекпе жек спорт мектебін ашу жоспарда бар екенін айтады.

– Адамда арман көп болады ғой. Менің арманым – шәкірттерім әлемдік аренада топ жарып, жеңіс тұғырына көтеріліп, қазақтың көк туын көкке желбіреп, адамды тебірентетін қазақ елінің гимні ойнап жатса, керемет емес пе?! – дейді Асылбек Рахманбердіұлы.

Талабы таудай азаматқа дene шынықтыру мен спортты дамытуға қосқан үлесі үшін біршама марапат тапсырылды.

## КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛБІРЕГЕНІ!





## ӘН ШЫРҚАҒЫМ КЕЛЕДІ

21 жастағы Самат Рахманбердиев ән айтуды жақсы көреді.

– Мен бірнеше жыл қатарынан Алматы, Астанада өткен ән байқауларына қатысып, жеңіс тұғырына көтеріліп, жүлдегер атанып жүрдім. Атап айтатын болсам Алматы қаласында өткен «Ақ көгершін», «Самға жұлдыз» байқауларынан 1-орын иеленіп, Қырғызстан астанасы Бішгекте өткен конкурста бас жүлдегер атандым. Сол кездегі өсерім мен қуанышымды сөзбен жеткізу мүмкін емес. Мені қаржылай қолдаған әкем, БЖБ жұмыскері Асылбек Исмағамбетовке көп рахмет. Мейіріміне бөлеп өсіріп, үнемі сенім білдіріп, мотивация беріп жүретін анам Сайраш Тарпиеваға да алғысым шексіз, – дейді әнші жігіт.

Адам тірлігінде әннің алатын орны ерекше. Ән шырқағанда, көңіл-күй көтеріледі. Адамға күш береді. Дарынды жасқа өнер саласында үлкен жетістікке жетіп, биікті бағындыра бер деген тілек айтамыз.



# ЖҮРЕГІ ТАЗА, ҚОЛЫ ӨНЕРЛІ ЖАН

Ағы мен қарасы қатар жүретін өмір атты мектептің адамға берері де, үйретірі де көп. Тұрлі жағдаяттар мен тосын оқиғалардан сабак ала отырып, адам баласы шыңдалып, тұрлі машықты, әдет пен өнерді игереді.

Бұгінде Қоғамға қарасты №3 СКҚБ экскаватор машинисі болып қызмет жасайтын Жарылғасын Ұәлиев есімді азамат сол өмір мектебінің үздік шәкірті, айналасына қандай пайдам, шарапатым тиеді деген оймен күн кешіп келе жатқан ізгі жанның бірі.

Түрікменстанның Ташауыз өңірінде 1961 жылы өмірге келіп, есіп-әнген азамат 1984 жылы тағдырдың маңдайға жазумен осы мекемеге қызметке орналасады. Мамандығы тракторшы. Жастайынан сурет салуға деген икемі жоғары болып, осы қабілетінің арқасында, жұмыстың ебін келтіретін, жеңілдететін тұрлі құралдарды ойлап табуға деген ынталасы, бір сөзben айтқанда өнертапқыштық қыры ашылады.

– Мен экскаватор машинисі, түсінікті тілмен айтсам заманауи жылдам қозғалтын экскаватор жүргізуісімін. Жүрген жерімде, қыдырып анда-мында шыққанда «мынау қалай жұмыс істеп тұр» деп барлық нәрсеге назар аударып қарайтын әдетім бар. Өз қызметіме ыңғайлап, ойда сұлбасын жасап, қағаз бетіне түсіре-

мін. Сонын әрбір детальға қолданыстан шыққан темірлерді жинаймын, жетпеген жерін сатып алып, токарь, дәнекерлеушілерге қажетті бөлікті жасатып алып, дайын болғанша тыным таптаймын, – дейді Жарылғасын аға.

Сол табандылығының нәтижесі болса керек, темірді түйген шебер біз барғанымызда көліктің серіппесін (рессор) ауыстыратын құрылғы жобасын жасап, өндіріске берген екен. Атаулы құрылғының тиімдігі сонда, ауыр келетін арнайы техниканың 3-4 адам қатар жүріп ауыстыратын серіппесін бір адам ғана қиналмай ауыстыра бермек. Бұл Жарылғасын Ұәлиевтің жалғыз өнертабысы емес. Ол туралы басқарма басшысы Лескен Башыұлов:

– Жарылғасын Ұәлиев ұзақ уақыттан бері қызмет жасап келе жатқан, аса тәжірибелі білікті маманың бірі. Ол қолына алған қарапайым шайбаның өзінен көпшілікке пайдасы тиетін, таң қала қарайтын дүние жасап шығаратын шебер. Өз ісіне адалдығы мен шынайы жанашырлығының арқасында нәтижелі еңбек көрсетіп келеді, – деді ағынан жарылып.

Басшының айтуынша, бір жылдан соң құрметті зейнетке шығатын ағамыз көпшілік секілді сол уақытыма аман жетсем болды деп қоймай, бар білгенін жастарға үйретіп, бөлісуді жөн көреді.





## ӨНДІРІСТІҢ ӨЗ АДАМЫ

– Жалпы әр дүниені жасаудың өз жолы мен реті болады. Жұмысты оңтайландырып, жеңілдететін құралдар жасалса, онда адам еңбегі азайып, күш-қуатына үнем болады. Ол өз кезегінде басқа да қызметті атқаруға қабілетті болып тұрады, – деп топшылайды кейіпкеріміз. Осы мақсатта құралдардың жобасын ойлас-тырып, жұмысты жеңілдешту жолын ізделеп келеді.

Әріптестері аға ойлап тапқан құрылғымен қатар, қолдан жасап шығарған домк-раттың да тигізетін пайдасы көп екенін ризашылықпен жеткізді.

Алдағы уақытта маман дайындаған құралдарды патенттеп, өндірісте пайдалануға болатыны жайлы сәйкестік сертификатын алу жоспарда бар.

– Егер сол құжат берілсе, осыған дейін кемінде жарты күн алатын жәндеу жұмысына небары 1-2 сағат ғана жұмсар едік, – дейді әріптесі №4 автотізбек бастығы Еркін Берекетов.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген халық мақалының хактығы болса керек, бүгінде Жарылғасын ағаның ізін жалғаған ұлы Талғат та темір-

ден әр түрлі бұйымдар жасайтын шебер. Тенге ауылының мерейтойына арнап өз қолымен «Тенге ауылына 55 жыл» және бүркіттің бейнесін, қаладағы «Даңқ» аллеясына танктиң архитектуралық кіші формасын жасап, сыйға тартқан. Бұл да әке ұлағатының шынайы көрінісі болса керек.

Ұзақ жылдан бері қызмет етіп келе жатқан Жарылғасын Үәлиевті әріптестері жақсы аға, білікті маман деп сыйлайды. Ол басқармадағы еңбек жағдайы мен қауіпсіз жұмысты үйымдастыруға белсенді араласады.

Өзі су ішкен мекеменің дамуына, ұжымның еңбегі жануына шын тілекtes, жүре-гі таза, қолы өнерлі азаматтың қалауы орындалып, қолынан шыққан дүниелері көпті қуанта берсе екен деп тіледік.





## “ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ БОЙЫНША 2023 ЖЫЛДЫҢ СӘУІР АЙЫНА КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ОРЫНДАЛЫСЫ



### ГАЗ КОНДЕНСАТЫН ӨНДІРУ:

ЖОСПАР 327  
НАҚТЫ 339  
АУЫТҚУ 12



### МҰНАЙ ӨНДІРУ:

ЖОСПАР 442 908  
НАҚТЫ 405 253  
АУЫТҚУ -37 655



### МҰНАЙ ТАПСЫРУ:

ЖОСПАР 442 027  
НАҚТЫ 405 755  
АУЫТҚУ -36 272






# ЗЕРТХАНАШЫ ГҮЛНАР

Гүлнар Сұлтанова 1962 жылы Атырау облысындағы Сағыз поселкесінде өмірге келеді. Мектепті 1980 жылы бітіріп, осы жылы Өзен кен орнына келіп, 1 қыркүйектен бастап Мұнай дайындау және өндіріске қызмет көрсету басқармасы орталық зертханасының мұнай құрамындағы суды талдау қызметіне З дәрежелі зерттеуші болып орналасады. Уақытты уысына ұстап тұрап кім бар дейсің?! Бүгінде 5-дәрежелі зертханашы Гүлнардың мұнай саласында жемісті еңбек етіп жүргеніне 43 жыл болыпты. Жұмыста жүріп Гүлнар 1984-87 жылдары Жаңаөзен мұнай техникумын бітіріп алады.

– Бойда жастық шақ жалыны бар кездे қоғамдық жұмысқа белсенді араластым. Бұрынғы бастығым Сәлима Ағысқызы мен тәлімгерім Айсөule Аманқожақызына алғысым шексіз. Осы кісілер салған сара жолды жалғастырып, ел иғілігі үшін еңбек етіп келемін. Жылдар өте өзіміз де тәлімгерлік тұғырына көтеріліп, шәкірттерге істің қыр-сырын үйретіп, жұмыс талап еттік. Еңбегім еленіп, 1984-1985 жылдары қалалық депутат болып, қала-дағы әлеуметтік мәселелердің он шешімін табуына бір кісідей ат салыстым. Халықпен жұмыс істеудің қаншалықты ауыр әрі жауапты қызмет екеніне, әлеуметтік инфраструктураны дамытпайынша, халықтың тұрмыстық жағдайына көмектеспейінше, өндірістің қалыпты дамымайтынына көзім жетті. Әріптестерім қай бір жылы «Өзенмұнайгаздың» есебінен Анталияға тегін жолдама ұсынып, шетелде демалып қайттым. Түркияда барлық инфрақұрылым іске қосылған. Қызмет көрсету сапасы жоғары. Келушілерге қолайлы жағдай жасалған. Адам жанына қажеттіңің бәрі бар. Сені ескі танысындаң қарсы алады. Ұнады. Керемет екен. Марапат



жетеді. Был 8 наурызға орай қала әкімі қабылдады. Алғыс хат алдық. Концерт тамашаладық. Ресторанда біздің құрметтімізге жайылған мерекелік дастархан қонағы болдық. «Көніл көнілден су іshedі» демекші, қала басшысының елеп-ескергеніне мәз болып қалдық, – дейді Гүлнар Сағидоллақызы.

Аяулы жан 1991 жылы мұнайшы отбасына келін болып түседі. Отағасы Қосдәүлет Айтназов еңбек жолын №1 МГӨБ-те қарапайым оператор боп бастап, өзінің еңбекқорлығының арқасында цех бастығы дәрежесіне дейін көтеріледі. Өзен кен орны өркендеуіне қомақты үлес қосып, елмен бірге тер тәккен әзиз азамат, сыйлы әке, майталман мұнайшы мұнай саласында 39 жыл еселі еңбек етіп, енді бала қызығын көрем деген кезеңде қайтыс болады.

«Тас түскен жеріне ауыр» демекші, ерінен айырылып, қанаты қайырылып қалған Гүлнар өмір сынағына төтеп берді. Бүгінде келін алып, қызы ұзатып, Алла берген немере-жиендерін қызықтап отырған бақытты әже. Балалары әр салада жемісті еңбек етіп, ел көреюіне сүбелі үлес қосып келеді. Мәселен Аяулымы «КезБИ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде реттеуші, Асылбекі жер бөлімінде, Райымбекі автоматика бағытында, Жібекі «Мұнайшы» мәдениет сарайында хореограф болып өз нәпақасын тауып жүр.

Бос уақытында тоқыма тоқып, ас пісіргенді жақсы көретін мұнайшы ханым Тамара Асадың әндерін сүйіп тыңдайды. Саналы ғұмырын ел гүлденеуіне арнаған асыл жанға көп раҳмет. Алдан тек ғана жарқын күндер мен жақсы жылдар күтсін деген тілегіміз бар.





## “ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ ҚАРАСТАЫ ӨНДІРІСТІК-ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БАСҚАРМА БАСШЫЛАРЫ



Жеңісбек СУЛЕЙМЕНОВ  
№1 МГӘБ директоры



Мереке ҚҰЛБЕКОВ  
№2 МГӘБ директоры



Мақсат ТОҚБАНОВ  
№3 МГӘБ директоры



Ержан БЕКЖАНОВ  
№4 МГӘБ директоры



Сәкен АЛШЫНБАЕВ  
МджӘҚБ директоры



Ықылас МЕНДІБАЙ  
БЖБ директоры



Қуандық ЕДІЛОВ  
ӨЭМБ директоры



Нұрбек СОЮНОВ  
МӘҚЖТЖБ директоры



Бисенбай ҚАРЖАУБАЕВ  
№1 СҚҚБ директоры



Наурыз РАХМЕТОВ  
№2 СҚҚБ директоры



Лескен БАШЫҒҰЛОВ  
№3 СҚҚБ директоры



Жәнібек ӘЗБЕРГЕНОВ  
№5 СҚҚБ директоры



Қанат БАЗЫЛОВ  
ТТБ директоры



Марат САДЫҚОВ  
АжТБ директоры



Бақытбек МЕРГЕНБАЕВ  
ХжЭБ директоры



Мәмбет БИГЕЛДИЕВ  
МӘҚЖТЖБ директоры



Мұрат АҚЫН  
КОО басшысы



# САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰСТАНЫП ЖҮРГЕН МҰНАЙШЫ


Төрекан Тұрғанбаев көршілес Түркіменстан елінде Ташауыз қаласында 1961 жылдың 15 ақпанда қарапайым көп балалы отбасыда дүние есігін ашады.

Мектептен кейін әскер қатарына шақырылып, Ресейдің Калуга қаласында болады. 1981 жылы Жаңаөзен қаласына көшіп келіп, ӨТҚжЖБ жұмысқа орналасады. Шебер Рахмет Әлібаев қанатының астына алып, ісінің мән-жайын түсіндіріп бағады. Зайыбы, балаларының анасы Раушан Дәрібаева да осы басқармада жемісті еңбек етіп, бүгінде бейнетінің зейнетін жеп отырған бақытты жан. Балаларынан өрбіген немерелерін қызықтап, бақыт шуағына шомылып жүрген жайы бар.

Кейіпкеріміз жер үйде тұратындықтан бақша егеді. Ұсынақты да еңбеккор жан-ның тәккен тері босқа кетпей алма, алмұрт, жүзім, өріктегі көздің жауын алып, көп өнім береді.

– Мен бос уақытымда теледидардан айтыс тамашалаймын. Адам жасы үлғайған сайын жақындарының қадірін біле түседі еken. «Өзенмұнайгазда» жұмыс істейтінімді мақтан тұтып, жұмыс орнымды бағалаймын. 250 адамнан тұратын шағын басқарма болғанымен ӨТҚжЖБ еңбек ұжымы өте тату. Жаңа техника көптеп келіп жатыр. Соның арқасында жұмысымыз анағұрлым жеңілдеді. Жиі-жиі «Кендірлі», «Жаңақорған» шипажайына барып, денсаулығымды нығайтып қайтамын. Асхана асы ұнайды. Дәмі тіл үйіретін тағам өзірлеп беретін аспаздарға мың алғыс! – дейді Төрекан Базарбайұлы.

Серпін беріп, көңіл-күй көтеретін басқарма мерекелеріне белсенді ат салысатын ол жонынан таспа тілсе, қыңқ етпейтін батырлық пен қайсарлық талап ететін арқан тартуға қатысып, салауатты өмір салтын ұстанады.



# МАМАНДЫҒЫМДЫ МАҚТАН ЕТЕМІН



№1 Скважиналарға қызмет көрсетеу басқармасында электрик болып жұмыс істейтін Исабек Төлегенов 1960 жылы 25 шілдеде Түрікменстанның Балқан облысында дүниеге келді. 1967-1977 жылдары Жаңаөзендердегі Төлесін Әлиев атындағы №1 мектебін бітіріп шығып, 1977-1979 жылдары №5 АТП мекемесіне электрик мамандығы бойынша жұмысқа орналасады. Жалындап жүрген жас жігіт 1979-1981 жылдары Отан алдындағы екі жылдық әскери борышын өтеп келіп, 1992 жылға №5 АТП-да өнімді еңбек етеді.

Бос уақытында Таңатар Досымжановтың әндерін сүйіп тыңдайтын Исабек бүгінде Алла берген балаларынан немере, жиен сүйіп, бәйбішесімен тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқан жайы бар.

– Халық бойына құт бол дарыған мұнай саласында жұмыс істейтінімді мақтан етемін. Адам үшін істеп жүрген жұмысын жақсы көру маңызды. Электрик – адам өміріне қауіп тәндіретін күрделі де қызықты көсіп. Компания дамуы үшін әр маманның қабілеті, білімі, білігі, адальдығы маңызды. Қасымда ел мен жер үшін риясыз еңбек етіп жүрген азаматтар жеткілікті, – дейді аға мұнайшы.





# МҰНАЙШЫНЫҢ ЧЕМПИОН БАЛАЛАРЫ

**ЕРКІНБЕК БАЙТӨРЕЕВ**

2000 жылдың 8 қазанында дүниe есігін ашқан Еркінбек Байтөреев бүгіндегі Ақтау қаласындағы Есенов атындағы университеттің 4-курсында оқиды. 13 жыл бойы тұрақты түрде каратэ-домен айналысып жүрген Еркінбек Азия, әлем чемпионаттары мен халықаралық турнирлерге қатысып, жеңіс тұғырына көтеріліп, жүлдегер атанып жүр.

Спортшы жігіт 2017 жылы Испанияда өткен әлем чемпионатында 1-орын, 2019 жылы Чилиде өткен әлем чемпионатында 3-орынға ие болды. Болашақта олимпиада чемпионы болуды армандал жүрген талабы таудай Еркінбектің әкесі Ораз Ұбыраев Мұнай дайындау және өндіріске қызмет көрсету басқармасында, анасы Жанар Сисенбаева №3 МГФБ-те абырайлы еңбек етіп, ел ырысын еселеп жүрген абзал жандар.

Дүбірлі додада топ жарып, биіктен көрініп жүрген талантты спортшы өзінің жаттықтыруышылары Лаура Айтжанова, Мирас Шамов, Азамат Құбашовтарға көп алғыс айтады.

**НҮРДӘУЛЕТ ҚҰТТЫБАЙ**

12 жасар Нұрдәulet Құттыбай қаладағы №7 жалпы білім беретін мектептің 7 «а» сыныбында оқиды. 1-сыныптан бастап каратэ-домен достаса бастаған ол түрлі қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық жарыстарға қатысып, 34 рет жүлдегер атанды.

Спортпен бірге сабакты жақсы оқытын зерек бала математика, физика, дене шынықтыру пәндерін жақсы көреді. Өскенде сәулетші болуды армандал жүрген Нұрдәulet Жанаәзен қаласының архитектурасын өзгертип, әлемдегі әсем қаланың біріне айналдырығысы келеді.

Спортшының әкесі Қазыбек Қалиев Бұрғылау жұмыстары басқармасында, шешесі Гүлайым Қайыповна №7 мектепте мұғалім бол еңбек етіп, ел экономикасы дамуына қомақты үлес қосып жүрген білікті мамандар.



### ӘЛТАЙЫР ЖАЛҒАСБАЕВ

15 жастағы Әлтайыр Жалғасбаев қалдағы Қашаған Құржіманұлы атындағы № 8 орта мектептің 10 «ә» сыныбында оқиды.

Каратэ-до спортымен 5 жыл бойы айналысып жүрген Әлтайыр қазақ тілі пәнін ұнатады. 2022 жылы Қазақстан Чемпионатының чемпионы атанып, Қазақстан құрама командасы мүшелігіне өтті. Спорт шеберіне үміткер. Каратэ додан халықаралық және ҚР жарыстар жүлдегері. Әлем чемпионаты мен Азия чемпионатына қатысушы.

Әлтайырды білікті бапкерлер Лаура Айтжанова, Мирас Шамов, Азамат Құбашовтар жаттықтырып, кіл мықты бақ сынайтын бейгеге қосып жүр.

Болашағынан үлкен үміт күттіріп жүрген жас спортшының әкесі Әлібек Жалғасбаев «Өзенәнергиямұнай» басқармасында электрик болып ерен еңбек етіп, Өзен кен орны дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Шешесі Үзілхан Мәзенова үйде жаңа Қазақстан құрлысышыларын тәрбиелеумен айналысып жатыр.



### ДІНАСЫЛ РАДЖАН

Есболдың ұлы 12 жасар Дінасыл №9 орта мектебінің 6 «д» сыныбында оқиды. 4 жылдан бері каратэ-домен табанды түрде айналысып жүрген спортшы бала Қазақстан чемпионатына қатысип, жүлделі 2-орынды қанжығалады.

Спортпен бірге сабакты қатар алып жүрген тәртіпті бала жаратылыстану, қазақ тілі, тарих пәндерін жақсы көреді. Әкесі Есбол Дербісов Бұрғылау жұмыстары басқармасында бұрғышы көмекшісі болып, өнімді еңбек етіп келеді. Ел игілігі үшін тер төгіп жүрген мұнайшы жетістікке жетіп жүрген спортшы баласымен мақтанды.



### АЛДИЯР МӘДЕНИЕТОВ

13 жасар Алдияр Мәдениетов қаланың Төлесін Әлиев атындағы №1 мектебінің 8 «а» сыныбында оқиды. Каратэ-домен 8 жыл қатарынан айналысып жүрген жас спортшы қазақ тілі пәнін жақсы көреді.

2022 жылы Қазақстан Чемпионатына қатысып, чемпион атағын жеңіп алды. Спорт шеберіне үміткер. Каратэден халықаралық және ҚР жарыстарының жүлдегері. Аталмыш спорт түрімен үздіксіз жаттығып жүрген жас ұлан алдағы уақытта әлем чемпионы болып, әке-шешесі мен бапкерлерін қуандуды армандаиды.

Алдиярдың әкесі Сағындық Қалидуллин Мұнай өнеркәсібі құралдарын және телекоммуникацияларды жөндеу басқармасында, ал шешесі Шолпан Өткілбаева «Стоматология» ЖШС-інде медбике болып еңбек етіп, ел дамуына айтарлықтай үлес қосып келеді.




# БӘРІНЕ ҮЛГЕРЕТИН ЖҰМАЗИЯ ХАНЫМ

Кейіпкеріміз Жұмазия Жариеva №3 Мұнай газ басқармасында анау-мынау емес 39 жылдан бері табан аудармастан жемісті еңбек етіп келеді.

Жұмазия Атырау облысына қарасты Боранқұл ауылында интеллигенция отбасында дүниеге келді. Әкесі мұғалім, шешесі дәрігер болып жұмыс істеп, ел экономикасының дамуына орасан үлес қосты. Көп балалы отбасының кенжесі болып тайраңдап өскен ерке қызы мектеп бітірген соң, Атырау қаласындағы мұнай колледжін бітіреді.

– Отбасымда, тумаластарымның арасында мұлдем мұнайшы болмаса да, неге екенін білмеймін мен осы саланы таңда-



дым. Оған еш өкінген емеспін 1984 жылы Өзенге Атыраудан жолдамамен келдім. Бастапқыда №3 МГӨБ-ке қарасты №3, 69 топтық қондырғыларда оператор болып жүрдім. Еңбеккөрлікиммен көзге түсіп, кеңсеге келдім. Геолог, табель толтыруши, кейінірек үйлестіруші болдым. Қызметім өзіме ұнайды. Ұжымдағы адамдарға әбден бауыр басып кеттім. Уақыт шіркін, бір орында тұрмайды екен. Тузытымда жатқандай көрінген 60 деген жасқа да толдым. Құрметті демалысқа шығатын уақытym да таяу қалды. Басшылыққа, әріптестеріме ризамын. Алғыс білдіремін, – дейді Жұмазия Адайбайқызы.

Отағасы Болат Өгізбаев «ҚазГӨЗ» ЖШС электрик болып, тәп-тәуір жұмыс істеп келеді. Үлкен баласы Арқар да №3 МГӨБ-те Скважиналарды жерасты жәндеу бригадасы шебері бол көп-көрім қыз-



## МАМАНДЫҒЫМ МАҚТАНЫШЫМ

мет етіп, ұжым құрметіне ие болып жүр. Өзге балалары Азамат пен Нұрбек те еңбек етіп, ел ырысын еселеп жүрген жайы бар. Жұмазия Роза Рымбаеваның әндерін тыңдалап, «Қызы Жібек» фильмін сүйсініп тамашалайды. Еті тірі жан жұмысты да, отбасыны да қатар алып келеді. Қазақтың ұлттық тағамы асылған етті жақсы көреді. 2000 жылы дәм тартып, тақтайдай тегіс жолдары мен күтім жасалған бақтары бар Германияда болып, бұз дүние үшін еңбек етпеген ұлт кедейленіп, ғылым-білімінің, тұрмыстың қай жағынан болса да артта қалып, мешеуленетінін туғаннің қайтады.

Қолы қалт еткенде фитнеске барып, немерелер тәрбиесімен айналысады майталман мұнайшы адам бойындағы адамгершілік пен мейірімді құрмет тұтады. Алладан ел мен отбасы бақытын тілеп отырған жақсы жанның шаңырағына ырыс, құт-береке, аман-саулық, сәт тілейміз.





# Жамал

мұнайшы шығармашылығы

Бибігүл БӨБЕҚБАЙ

Таңертең ерте түрған Жамал үйқысын аңыз кофемен сергітіп, асүйде күйбеңдеп жүрді де қойды. Отағасы 65 жасқа толып, соның құрметіне дастархан жайып, кешке жақын-жықты шақырмақшы болып жатқан түрі. Келін үйқыдан тұра қойған жоқ. Кішкентайдың тісі жарып, қызуы көтеріліп, мазасыздандып, түнімен жылап шықты.

Бұйырса ержетіп түрған екінші баласына келін алуға қамданып жатыр. Өткенде құда түсіп қайтты. Болашақ келіні қарастынан шықсан бәйшешектей нәзік қызы екен. Бірден ұнады. Ұлken келіні де шүкір жаман бала емес. Аталап, енелеп құрақ ұшып тұрады.

Қасында аяқа оратылып жүрген ұлken қызының З жасар сүйкімді баласы «Мысық неге пырылдайды? Ит неге үреді?» деп, басын шыр айналдырды.

Көмектесуге келген кіші қызының аузына тыным жоқ. Бірді айтып бірге кете-ді. Қыйеуіне көңілі толмайды. Ақшаның жетпей жатқанын айтады. Ұлken қызы Дариғадай емес Сағирасы сәл затқа күйіп-пісіп жатады. Қос-қостан киім алады да елге алақан жайып жүреді. Бірде қарыз сұрап келген қызына жұқалап ес-керту жасап еді. Қызы «қарыз бермейтін болсаң бермейтініңді айт, енді тойға да, қойға да екі көйлек, бір жемпір киіп жүре бермейтін шығармын» деп шарт кетті.

Жалғанды жалпағынан басып жүрген нағашысын, бұның жан дегенде жалғыз ағасын да жақтырмай жүр.

– Соны қонаққа шақырмашы пажалыста. Қымбат көлігін, екі этаж үйін айтып, жыртылғанша мақтанады. Одан қала берді 50 елде болды, 70 елде болды деп адамның нервысына тиеді. Қасында отырып, қызғаныштан жарылып кете жаздайсың, ішкенді ірің, жегенді желім етеді. Тамақ батпай, адамды кішігірім депреснякқа түсіреді, – деді тыжырынып. Жамал ұн демей құтылды.

Соңғы кезде құнделікті күйбең тіршілікten кәдімгідей шаршап қалатын болып жүр. Кішкентайларымен екіетек болып жүретін келініне жаны ашып, көмектесемін деп жүріп, діңкесі қуриды. «Бір бала бір кемпірді өлтіріптін!» айтқан қазақтың даналығына еріксіз сүйсінеді.

Жарты ғасыр бірге тұрып жатқан отағасы осы жыл ішінде қол жұмсамақ түгілі, тұртіп көрмеді. Тілсіз ұғысып, тату-тәтті тұрды. Ұл өсірді, қыз өсірді. Екеуі де мұнай саласында жұмыс істеп, балаларды оқытты. Тәттіні жегізіп, жақсыны кигізді.

Жамал балалар өскен кезде өзі ұнататын сурет салу үйірмесіне қатысып, спортпен айналысты. Суретші жігіт бұл салған картиналарға ұзақ үңіліп тұрып «бұлт негізінен көңілсіздік белгісі, көп қолданбағаныңыз жөн», – деп ескерту



## МҰНАЙШЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

жасады.

Түрлі байқаудан орын алып жүрген оның «сіз бояуларды үйлестіре аласыз, кейбір суреттеріңізде кәдімгідей мағына бар» деген мақтау сезіне мәз болып, әр тамшы бояудан рақат алып жүрді. Ал күйеуі жолдастарымен стадионға барып, футбол көріп, жанкүйер болып, айғайлап қайтқанды ұнатады.

Бүгінде Жамал бастауыш сыныпта оқытын Әмина атты немересімен ютубтан жапондарша қағаз тырна жасауды үйренип жүр. Жеміс-жидек турал түрған жиен қыздар жырқ-жырқ құліп, бір жырғап қалды.

Сағира айналып келіп жұмыссыз бағын сөз етті. Қырық қызы өзін «Құсалықпен өтті ғой, Махамбеттің көп күні», – деп кекетіп қояды.

– Байым мойынға жүк болып, иықты жаншып, құр тұрып-ап адамның құллі қуатын сорып алады. Қонаққа барғанда тірлікке жоқ ебедейсіз жанның кемеліне келген салиқалы адам образына кіріп отырғанына қарап отырып, адамның құлқісі келеді. Нан табу үшін жанталасып жүрген ата-енеме жаным ашиды. Енем құдайдың құтты қуні базарда кепкен балық сатып тұрады. Жұмыс істемесен жан бағу қынданыйтынын, әркімнің өз жұмысы бар екенін түсінбейтін байымның басы орнында ма деп күдіктенемін. Отбасы

өміріне үмітсіздікпен қарайтын кісімен өмір сүрудің қандай қызын екенін ешкім түсінгісі келмейді, – деді қызы мұнайып.

Жамал тілін жұтып қойғандай тырс етіп үндемеді. Көңілсіз әңгімеден көңілі қоңылтақсыды.

Асүйдің терезесін ашып, екінші қабаттан сыртқа көз тастады. Әппақ, бойлы, сойлы реңді қызы қанды қыздыратын Латын Америкасы өуендері шығып түрған кафеге бет түзеді. Тентек бала қасындағыларға тілін шығарып, ортан терегін көрсетіп жатты. Орындықта тізілген жасөспірімдер қалта телефонынан құтыла алмай азап шегіп отыр. Желімдеп қойғандай, сағаттап отыруға бейіл. Обалдағы-ай...

– Жамбасы тесілгенше жататын ереккүрметке лайық емес! – деген қызының сөзі құлағына жетті. Етегінен ұстап, же-тегіне өрген байының үмітін ақтамағаны өкінішті-ақ.

«Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сынны кетпейді» дегендей 60-тан асса да, өңін бере қоймаған Жамалдың есіне сүйген жарының алғаш кездесуге шақырған күні «сіздің әлеміңіз туралы бәрін білгім келеді» деп үздіге қарағаны есіне түсіп, ерік-сіз жыымиды.

Қазаннан шығып жатқан сүр еттің иісі танауды қытықтап, тәбетті аша түсті.

# КИНО АДАМДЫ ӨЗГЕРТЕДІ «Доктор Чә»

Оңтүстік корея түсірген «Доктор Чә» сериалын көруге кеңес береміз. Басты кейіпкердің қытымыр енесі бар. Сенімсіз байы бар. Ұмыраға келмейтін ұлы мен қызы бар. Өмірі тұнып тұрған стресс.

Отбасының жүгін артып алып, жантасып жүрген дәрігер Чаның бауырынан ісік табылады. Жақындарынан қолдау таппай жүнжіп кеткен келіншекке жаның ашиды.

Кино кейіпкерінің тағдырына ұқсас жандар қазақ қоғамында да жетіп артылады. Картина көрерменге кез келген адам өзін құрметтеуі тиіс деген ой тастайды.

Парасатты келіншек ғашық болған өзінен он жас кіші хирургтен бас тартады. Қазақта «Тен тәңімен, тезек қабымен» деген жақсы сөз бар. Ерлі-зайыптылар бір шаңырақ астында тату-тәтті тұру үшін деңгей, жағдай, көзқарас бәрі қарайлас болуы шарт. Бәрінен шаршаған Чә тыныш өмір сүргісі келеді...

Тоғетері, демалыс күндері фильмді көріңіз. Қызық кино. Өкінбейсіз.





РУХАНИ АЗЫҚ

# КІТАП АДАМДЫ ӨЗГЕРТЕДІ

Ағылшын жазушысы Руал Даһлдың әлем балалар әдебиеті ортасында шоқтығы биік «Чарли және шоколад фабрикасы» шығармасын оқуға кеңес береміз.

Кітап кейіпкері Чарлидің үйінің жанында үлкен шоколад фабрикасы бар. Мектепке барап жолда бала жүрісін баяулатып, ауаны құшырлана жүтады. Әйтсе де Чарли үшін шоколадтың ауылы тым алыс, дүкеннің терезесінен текше-текше жиналған шоколадты көргенде сілекейі шұбырып кетеді.


Ертегі алты ересек, бір үлдан тұратын сіңірі шыққан кедей отбасы өмірі жайлы.

Чарлидің тоқсаннан асқан аталары мен әжелері төсектен тұруға құдіреті жетпей кептіріліген өріктей мыжырайып жатқаны жатқан. Жұмыс істейтін жалғыз адам мистер Бакет. Оның жалақысы тоя тамақ ішуге де жетпейді.

Чарли осылардың жалғызы, жарық сөулесі. Ақылды, артық-ауыс қылышы жоқ бала қолындағысын өзгелермен бөліскісі келіп тұратын мейірімді болып өсіп келеді.

Оның арманы тойып шоколад жеу...

Хикаяның үлкендерге де, балаларға да ұнайтыны сөзсіз. Оқыңыз, өкінбейсіз!



# АРНАЙЫ КИІМ - 2023

№4 2023

2022 жылдың желтоқсанында Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік департаменті мамандары сан түрлі сына-мадан өткізіліп, лайық деп танылған киім үлгісін таныстырған болатын.

– 2023 жылдан бастап жұмысшыларға жаңа үлгідегі киім үlestіріліп жатыр. Жұмыс формасының түсін ауыстыру туралы ұсынысты мұнайшылар бірнеше жылдан бері айтып келеді. Осыған байланысты департамент мамандары еліміздің түпкір-түпкірінен алуан түрлі жұмыс киімі үлгілерін алдырып, түрлі сына-мадан өткізіп көрді. Нәтижесінде арамид матаның номакс түріне тоқталдық, - деді бас директордың еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі орынбасары Әсербай Тұрабеков.

Аталған материал түрі – шамалыға өртенбейтін, ауа өткізу көрсеткіші 63% құрайтын мата. Бұрынғымен салыстырғанда матаның ауа өткізу пайызы жоғары, жұқа әрі жеңіл, сәйкесінше бағасы да – қымбаттау. Жұмысшылар тарапынан осыған дейін қолданылып келген қызыл түске байланысты біраз шағым түскен еді. Мұнайшылар жаздығуні күн тартпайтын, ақшыл түске ауыстыруды өтінген. Осыған сәйкес жиналыста жаңа киім үлгісінің түсі, дизайнны мен материалы келісілді.

Берілетін жұмыс формасына арнағы код бекітіліп, сол бойынша әр мұнайшыға киімге қатысты SMS-хабарламалар келіп тұрады. Жаңа киімді алу мерзімі де осы жүйе арқылы хабарланатын болады.





## ҚҰТТЫҚТАУ



### Ардақты әріптестер!

Мерейлі жасыңыз құтты болсын дей отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, ел игілігі үшін атқарып жүрген қызметіңізге табыс, өміріңізге береке тілейміз.

Әрқайсыңыз ерен еңбек ете жүріп, Өзен кен орны дамуына өлшеулі үлес қосып келесіз. Басшылық әрбіріңізді мұнай саласының майталман маманы ретінде өте жоғары бағалайды. Кәсібіңіздің жілігін шағып, майын ішіп, сол саланың шыңына шығып отырған тәжірибелі де білікті кез келгеніңізben біз мақтанамыз. Үлгі-өнеге тұтамыз.

Арайлап атқан әрбір таң шаңыраққа құт пен береке әкелсін. Тойыңа жұрт жиылсын, Қәңілге нұр құйылсын, Дәл осындаі мерей жас, Біздерге де бұйырсын, – демекші тоғыңыз тойға ұласып, 100 деген әдемі жасқа жетіңіз, қадірлі әріптестер!

**Құрметпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ еңбек үжымы**



## ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРЛЕР!

Тұған күн мерекесі құтты болсын. Құдай бақ берген мекенде ерен еңбек етіп, Өзен кен орны дамуына өлшеусіз үлес қосқан Сіздерге алғысымыз шексіз.

Ел игілігі үшін тынбастан еңбек етіп, өндірістің қыындыққа толы құбылыстарын бастаң өткеріп, бейнетін арқалап, зейнетіне бөлөну – кез келген адамның қолына түсे бермейтін бақыт.

Сіздердің адам қызығарлықтай мазмұнды өндірістік өміріңіз бізге үлгі-өнеге.

Қоғамның, ел мен жердің, отбасының алдындағы парызы мен қарызын азаматтықпен атқарып, Отанға әдал қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен Сіздерге мың алғыс.

Адам үшін ең қымбат нәрсе – оның өмірі мен денсаулығы. Аман жүріңіздер. Денінізге саулық, отбасыңызға амандық, мәнді де сәнді, ұзақ ғұмыр тілейміз.

**Калима Айдарова  
Джанбирбай Джалгасов  
Ирмек Исмагулова  
Малик Кулмурзин  
Мәмметберды Байбозов  
Самат Курманбаев  
Танатар Избасаров  
Ахилес Смайлова  
Сабирбай Албетов  
Гульжан Омарова  
Курбантурды Нуранов  
Савтай Измаганбетов  
Бугарбай Бекимбетов**

**Балиба Кузембаева  
Кыдыргалы Кутубаев  
Жексембай Хаметов  
Аймурат Хасанов  
Балкаш Бюrekбаева  
Абжет Каржаубаев  
Роза Байжанова  
Сулеймен Дашибомов  
Шолпан Демеуова  
Жолдыбай Еркимбаев  
Нурлан Бекжанов  
Бітімқұл Тұрсабек  
Халдан Мананова**





since 1964  
**OMG**  
team